

егемен

Азатстан

Жүрегі жырдан жаралған

Тұманбай Молдағалиевтің 24 томнан тұратын шығармалар жинағы жарық көрді



Алғашқы өлеңдерінің бір түйінін түйгенде: «Жанымнан шыққан жас жырым, Өмірлі болса екен» – деп арманын үкілеген Тұмағаң – Тұманбай Молдағалиев қазақ жырына соны соқпағымен келіп, талайды тамсандырды, керемет үлгісімен таңдандырды. Жыр табалдырығын «От тиіп асау қаныма, Жарысам оймен құлшынып. Өлеңнің абат бағына, Қадармын қашан бір шыбық», – деген бала ақын болып аттап, толыса келе: «Бүгін менде мол дарын бар» – деп, өрен жүйрік екенін көрсетті. Кемеліне келгенде киелі өлеңнің қадірін даналығымен дәйектеді. Сөйтіп, ұлтының да, жұртының да мақтанышына айналды.

Ақын бұл биікке адам бойындағы аяулы да ардақты асыл қасиеттерді саясатқа ұрындырмай, бұрын үсік шалғандай болып келген қалыпты бұзып, жүрек лүпілін, ой ұшқынын бүгіп қалмай, Табиғат-Ана мен онда күн кешіп жатқан тірлік иелерінің бүтін болмысымен ұштастыра көрсетті. Мысалы, «Қырқа толы қызыл гүл, Қараймын сонша қызыға, Қай шоғын ғана үзіп бір, Сыйлаймын сүйген қызыма», – дейді де артынан: «Жайлауда» атты өлеңінде ол ойды терендетіп әкетеді. «Жайлау ғой мынау жарасқан, Аралтөбе бауыры. Төбеден неге әрі асқан, Сәулешімнің ауылы...Тілегім неткен көп еді, Жүрегім тұр ғой от алып, Осынау тұрған төбені, Тастар ма едім қопарып» – дейді. Одан кейін сол жастық бұлқынысын «Көрсетпе сүю әуресін, Берілді жүрек тек саған. Сүю де жақсы, сәулешім, Сүйікті болу жақсы одан» – деген

бар-жоғы төрт жол өлеңнің ішкі иіріміне сыйғызады. Бұл, әсіресе, жастардың жүрек қылын тербемей қоймасы анық. Тағы бірде ақын: «Ай қарады көгілдір көл бетіне, Қыз қарады көлдегі келбетіне, Қосылды да қос сәуле құшақтасты, Мөлдір толқын төсінде тербетіле. Шоршып жүрген ақ шабақ тұнықтағы, Қыздың көркін көрді әлде – тынып қалды. Бала толқын, ай нұрлы ерке балық, Бірақ, ару аңсарын түк ұқпады. Қыз қозғалмай қадалып тұра берді, Жылы сезім кеудеде туа берді. Күтті ме екен, кім білсін күтпеді ме, Жеке қайық мүйістен шыға келді», – деп өрнекті сөзбен әдемі сурет салады. Суреттегі қыз бен жігіттің рақатқа батқан көңіл шарпысуы, оған іштей куә болған төңірегі – бәрі жарасым тауып тұр.

Тұмағаң кейде кездесетін тұтқиыл тағдыр ісінен адам қашып құтыла алмайтынын да жыр жолдарына түсіргенде алпыс екі тамырың бұлкілдеп, кей тұста домбыраның қос ішегіндей тербеліп, тиек-көңілді бұлқынта жөнелетіні бар. Әсіресе, әке мен ана туралы өлеңдеріндегі қилы заман запырандары жан дүниенді тау бұлағындай буырқандырып, «Е, тәңір-ай!» – дегізген тасқын ойлар құрсауында қалдырады. «Науқасың қатал, соласың ба, ана, Қасыңа келдім, төсектен тұршы, Суық жер гүлі боласың ба, ана, Ояншы тағы, тағы бір күлші... Ес жидың ептеп, қуандым, анам, Жанарым ыстық жастарын тыйды, Тіл қаттың әлсіз: «дем ал» деп, маған, Осыдан артық сөз бар ма сыйлы?! Жапырақ жайған сына ма терек, Көнбеші, ана, көнбеші ана. Өмірлік маған қамқоршы керек, Өлмеші ана, өлмеші ана!», – деп «Ана туралы жырда» ана мен бала арасындағы мәңгі сөнбес үмітті үрлейді. Бірақ қайырымсыз ажал анадан айырмай қоймайды. Кейін «Шіркін-ай, барлық адам досым болса, Асықсақ жолыққанша, қосылғанша. Бәрі де анам құсап мейірленіп, Бәрі де анам құсап ашуланса», – деп ана бейнесін асқақтата отырып, оның құдіретті шапағаты барлық адамның бойына табылса ғой деген ниетін төрт жол өлеңге сыйғызыпты. Бұл да саналы сабақ алар байлам емес пе?! Соғыстың сойқанын, оның жүрекке салған жарасын, тартқызған зардабын «Әке туралы жырда» тереңдетіп әкетіп, әкенің орнын тайға таңба басқандай көз алдыға әкеледі. «Түсінгем жоқ мен онда, Төнгенін бір қатер күз. Қала бердік перронда, Қалдық анам екеуміз. Анам неге өксіді? Түсінбедім мен оны, Күтті өмірдің көп сыны, Тастап кеттің сен оны... Жүйрік еді күн неткен, Өтті айлар, апталар. Селк етті ол кенеттен, Жетті ме әлде жат хабар... Гүлге толы құшағы, Жарқыраған май келді. – Соғыс бітті, айтшы, ана, Әкем менің қайда енді? Деп сұрадым анамнан, Жақсы сөзін өтіндім. Қиналды анам айта алмай, Кейін біліп өкіндім... Таба алмадым мен дегбір, Қайтпады, әкем қайтпады. Бұрынғыдай кейде бір, «Келер» деп анам айтпады. Келмеді әкем күлімдеп, Белгілі болды жай мәні, – Қайдасың, менің ұлым, – деп, Құшағын маған жаймады. Кеп жүрді үйге көп кісі, Жағдайды біздің сұрады, Әкемнің қара кепкісі, Ілулі төрде тұр әлі», – деп әкеге деген сағынышын, аңсарын оның кепкісін медет тұтумен басады. Бұл ақынның ғана басынан өтпеген, басқалар да басынан кешкен қасірет еді. Ақынның мықтылығы сол қасіретті келістіре отырып өлең жолдарына түсіріп, ғұмырлы етуінде болатын.

Біз жоғарыда жыр жампозының өлеңдері тұмадай алғашқы қадамынан-ақ тұнық болғанын 1957 жылы шыққан «Студент дәптері» атты тұңғыш жинағынан мысалдар келтіре отырып, сездіруді қазақ поэзиясында «төңкеріс» жасағанын аңғартуды мақсат еткен едік. Бұл ойды кезінде қара сөздің хас шебері, дархан ойдың дарасы Әбіш Кекілбайұлы: «Ақ ниеттің адал жыршысы» атты мақаласында: «Студент дәптері» – біздің жыр өлкесіне тұңғыш рет қанат қаққан жақсылық қарлығашы сияқты еді... көк түтінге қақалып өскен қазақ оқырманы, бір сәт алма бауын аралап көргендей, дені жайылып жүре берді.

...Өңшең шенгелдің ортасына шыққан жалғыз жауқазындай сол кітапша қазақ жыр алқабының жаңаша көктеп, жаңаша құлпыруының басы сияқты болды... ит тұмсығы өтпес қалың жыныстың арасынан із шығарып беру қиынның қиыны. Із шығардың-ақ, әуелі сүрлеуге, артынша айдын жолға айналып сала береді. Ол жол да сөйтті. «Студент дәптерінен» соң тап соған ұқсаған жұқалтаң кітаптар көбейді. Сырттарында жаңа есімдер тұрды», – деп қазақ поэзиясының көшбасшысы болған, «Ешкімнің бетіне жел болып келмейтін қыз мінезді ақпейіл ақын» (Ә.Кекілбайұлы) Тұмағанды биікке көтеріп, тағы бір сәтте: «Шын ақын өзін ұлтының рухани әкесімін деп емес, ең кенже перзентімін деп санайды. Қалтқысыз махаббатымен баурайды. Кісілігімен, кішілігімен баурайды», – деп шын тұлпардың болмысын тайға таңба басқандай көрсетіп берді. «Жалқының мұңын жалпыға сабақ боларлық көркемдік деңгейге көтерген» (Қадыр Мырзалиев) ақын тұмысынан адал еді. Кімге де болса ет жүрегі езіліп тұратын. Бар адамға бақ, бақыт тілейтін. «Бұл бәрімізге Тәңірдің берген сыйы. Соны бағалауымыз керек, уақыт өтеді де кетеді. Артында жақсы сөз қалсын», – дейтін. Өзі осы қалыпта өмір сүрді. Осы үлгіні өлең өрнегіне түсірді. Сөйтіп, жұртына өлмес өлең сыйлады. Сөз сардарына айналып, ұлтына өшпес мұра қалдырды. Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов Тұмаған бастаған қарымды топтың туындыларымен танысқан тұста: «...Өнердің жаңа жас қайраткерлері... жаңа бір жыл келгендей жақсылық әкеле жатқан сияқты. ...оқығандарыма сүйсіне отырып, лирика туралы айтқан қорытындым бар. Тұманбай Молдағалиевтің өлеңдерінің ішінен «Алматы таңы», «Көктем», «Асыл ұстазға», «Немере сыры», «Хат» деген өлеңдері ұнатып оқыған шығармаларым», – деген екен. Бұл туындылар Тұмағанның тұңғыш жинағындағы дүниелер болатын.

Тұманбай Молдағалиевтің 24 томдық таңдамалы туындылар жинағы Алматыдағы «АнАрыс» баспасынан жарық көріп отыр. Томдарды құрастырған, ақынның жары Күлтай Қасымова, қызы Жазира Молдағалиева, жақсы інісі Ауыт Мұқибек екенін еске сала кетсек дейміз. Бірден айтайық, бұл 24 том ұлт құндылығына қосылған ұлы мұра, айтулы қазына. Әр томға жеке тоқталу мақаланың еншісіне жатпаса керек. Саралау мен даралауды, талдауды болашақтың еншісіне, кейінгі жастың үлесіне қалдыра тұралық.

Шынында, алда айтқанымыздай Тұманбай Молдағалиевтің екінші өмірі басталды. Соның бір дәлелі – қолымыздағы 24 кітап. Кітаптар сапалы қағазға басылып, әдемі безендірілген. Түрлі суреттермен көмкерілген. Бұл игілікті істі «Тұманбай Молдағалиев атындағы қор» атқарған екен. Ендігі жерде ұлт

ақынының мұрасын зерттеп-зерделесек, қормен байланыс жасасақ, кітаптарын жұртқа жеткізіп отырсақ құба-құп. Оған ең бірінші атажұрты, облыс, аудан тізгінін ұстаған ел азаматтары үлес қосса, нұр үстіне нұр болар еді. Мына томдар бар болғаны мың данамен шығыпты. Бұл халқы сүйген, ұрпағы қадірлеген – ақын жырына шөліркеп отырған жұртқа аздық ететіні сөзсіз.

Алдағы уақытта қайта басылып жатса артықтық етпейді. Қадыр Мырзалиев пен Тұманбай Молдағалиев 60-қа толғанда ардақты ұстазымыз, академик Зейнолла Қабдолов адамның жан дүниесін қасандықтан сезім иіріміне көшірген, өмір бар жерде күйініш пен сүйініштің болатынын, тағдырдың алуан сыны алдан кездесетінін алғаш адамгершілік тұрғыда жырға қосқан Тұмағаң деп, қазақ абыздарының дәстүрлі философиялық иірімдерін жаңа дәуірде жаңғыртқан Қадағаң деп екеуі де ұлы ақын деп, мұндай бағаны көзі тірісінде Мұхтар Әуезов те естімегенін айтқан еді. Сол екі ұлы ақын өмірге қатар келіп, телқоңырдай тел өскен, қанаттас жүрген, бірін-бірі демеп жарыса жыр жазған, тіпті аралары ұзамай бақиға қатар аттанған Қадағаң (Қадыр Мырзалиев) мен Тұмағаңның (Тұманбай Молдағалиев) жөні де, жолы да бөлек. Осы арада мына бір үлгі алар үрдісті еске сала кетсек дейміз. Алда айтқан сол жөн мен жолды Қадағаң туған өлке бастап кету өз алдына, біраз игілікті істі атқарып та қойды. Еңселі ескерткішін тұрғызып, Орал қаласынан атына заты сай орталық салып, оны ақын есімімен атап, Алматыдағы кітапханасын көшіріп апарып, халықтың игілігіне жаратты. Ендеше «Тұманбайдың лирикалық кейіпкерлерінің жүрегі қылау түсе қоймаған сәбидің мінезіндей. Несін де болсын жасырмай жайып салады. Қалтарыс-бұлтарысы жоқ», – деп ақиық ақын Мұқағали Мақатаев айтқандай, алда дәйек сөздерін келтірген қазақ зиялылары, ұлт жақсылары әспеттеген, Елбасы құрмет тұтқан, өмірден озғалы да алты жылдан асып бара жатқан, сәби көңіл ақынның бай мұрасын дәл сол жолмен Алатаудың баурайындағы кіндік қаны тамған ауданнан бастасақ, облыс қолдап ол кейін ел көлемінде өркен жайып жатса деген тілек бар. Оның алғашқысы «Тұманбай оқуларынан» із алып, қанатын кең жайса ұлт ұрпағы жыр асылын танып білер еді.

Осындай игілікті шараларды «Тұманбай Молдағалиев атындағы қормен» (mukoка@yаhoo.com 87772247555) бірлікте жүргізсек, сөйтіп бітер іске ұйытқы болсақ, қазақ поэзиясының ұлы тұлғасының рухына деген құрмет пен ізет биіктен көрініп, ақын алдындағы қарыз бен парызға адалдық танытқан болар едік.

Сүлеймен МӘМЕТ, «Егемен Қазақстан»